

Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі ғимараттарды мүліктік жалдау жөніндегі тарифтік ставкалардың көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

II сайланған Алматы қалалық Мәслихатының VIII сессиясының 2001 жылғы 19 қаңтардағы шешімі. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 21 ақпанда N 289 тіркелді Күші жойылды - III сайланған Алматы қалалық Мәслихатының XX сессиясының 2005 жылғы 13 желтоқсандағы N 207 шешімімен

"Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және Алматы қаласы Әкімінің ұсынысына сәйкес II-сайланған Алматы қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1. Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі ғимараттарды мүліктік жалдау жөніндегі тарифтік ставкалардың көлемдері белгіленген шекаралар шегіндегі коэффициенттерді қолдана отырып бекітілсін, қоса беріліп отыр.

2. Коммуналдық меншік объектілерінің мүліктік жалдауы жөніндегі төлем Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің бағамы бойынша теңгемен жүргізілсін.

3. Алматы қаласының Коммуналдық меншігін басқару департаменті Алматы қаласының коммуналдық меншіктегі ғимараттарды жалға беруден жергілікті бюджетке түскен ақша қаражатының тиімді пайдаланылуы мен дұрыс есептелуіне бақылауды қамтамасыз етсін.

4. II-сайланған Алматы қалалық Мәслихатының "Алматы қаласының коммуналдық меншігіндегі ғимараттарды мүліктік жалдау жөніндегі тарифтік ставкалардың көлемдерін бекіту туралы" 2000 жылғы 10 наурыздағы IV-сессиясы шешімінің күші жойылған деп танылсын.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қалалық Мәслихаты тексеру комиссиясына (В.А. Киселев) және Алматы қаласының Коммуналдық меншігін басқару департаментіне А.Қ. Қасымовқа жүктелсін.

*II-сайланған Алматы
қалалық Мәслихатының*

VIII-сессиясының төрағасы

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*

І І - с а й л а н ғ а н

Алматы қалалық Мәслихаты
2001 жылғы 19 қаңтардағы
VIII-сессиясының шешіміне

қосымша

**Тұрғын ғимараттарды мүліктік жалдау жөніндегі
тарифтік ставкалардың көлемдері**

N ! Жалгердің атауы, қызмет түрі ! Жылына 1 ш.м. үшін
! ! тарифтік ставкалардың
! ! көлемдері АҚШ \$

1 Тауар өнімдерін шығару, өнеркәсіп, құрылыс, көлік және байланыстың меншік нысанына қарамастан өндірістік кәсіпорындары	6,0	
2 Ауылшаруашылық өнімдерін шығару және сату		3,0
3 Көлікке техникалық және сервистік қызмет көрсету станциясы	15,0	
4 Беймемлекеттік ақылы білім		
мектептік және мектепке дейінгі оқу	2,0	
жоғары және орта гуманитарлық оқу	4,0	
жоғары және орта техникалық оқу	2,0	
оқу курстары	2,0	
спорт секциялары	2,0	
5 Сауда кәсіпорындары, оның ішінде:		25,0
сауда үйлері	25,0	
әсемдік тері дүкендері	25,0	
арақ - шарап	25,0	
ауылшаруашылық өнімдері		5,0
нан	5,0	
кітап	10,0	
6 Жеке денсаулық сақтау	6,0	
7 Фармация, оның ішінде:		
дәрі-дәрмек саудасы	10,0	
рецепттік-өндірістік бөлім	3,0	
8 Қызмет көрсету саласы, оның ішінде:		
пәтер иелері кооперативтері мен иелері		6,0
сұлулық салоны	12,0	

шаштараз	6,0	
тігін шеберханалары	6,0	
тұрмыстық техникаларды жөндеу		6,0
химтазалау	6,0	
аяқ киім жөндеу	6,0	
бейне және фото қызметтері		6,0
9 Монша, кір жуу комбинаттары		7,0
10 Қоғамдық монша	6,0	
11 Сауна, жеке моншалар	35,0	
12 Арнайы рәсімдік қызметтер		10,0
13 Мәдениет ошақтары, оның ішінде		
мұражайлар	1,0	
театрлар	1,0	
көрме залдары	4,0	
сурет шеберханалары		1,0
14 Ғылыми-зерттеу институттары мен жобалау ұйымдары:		
бюджеттік	2,5	
шаруашылық есептік		3,5
15 Мейманхана кешені		15,0
16 Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары		
ресторандар	35,0	
кафе	30,0	
арақ-шарап сататын дәмханалар		30,0
оқушы-студент асханалары		1,0
қала ауруханалары мен емханалары жанындағы қоғамдық тамақтандыру	1,0	
17 Қоғамдық ұйымдар		3,0
оның ішінде ұлттық мәдени орталықтар		0,0
18 Қаржы институттары		30,0
банкiлер	35,0	
биржалар	35,0	
әртүрлі коммерциялық қорлар мен одақтар		30,0
сақтандыру және инвестициялық компаниялар		30,0
айырбастау нүктелері	30,0	
ломбардтар	35,0	
19 ойын-сауық ошақтары		
казино	75,0	
ойын үйлері	75,0	
бильярд ойнайтын жер		75,0

Жеке кинотеатрлар	40,0	
20 Материалдық-техникалық жабдықтау кәсіпорындары		22,0
21 Қойма ғимараттары:		
арнайы	5,0	
арнайы емес	3,5	
22 жоғарыда көрсетілмеген өзге де ұйымдар		20,0

Мемлекеттік кәсіпорындар үшін тарифтер көлемі жылына 1 ш.м. үшін 0,25 АҚШ доллары көлемінде белгіленді.

Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын денсаулық сақтау және білім коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары жалпы төлемнен босатылады.<*>

Ескерту. Шешім толықтырылды - ІІ сайланған Алматы қалалық Мәслихатының Х сессиясының 2001 жылғы 4 шілдеде шешімімен .

Ескертпе : орналасқан жері мен көріктендірілуін ескеретін коэффициенттер:

Әл-Фараби даңғылы (солтүстік жағы) - Қожамқұлов көшесі (шығыс жағы)- Райымбек даңғылы (оңтүстік жағы) - Қалдаяқов көшесі (батыс жағы) шекарасында орналасқан ғимараттар үшін - 2 коэффициенті;

Тимирязев көшесі (солтүстік жағы) - Әуезов көшесі (шығыс жағы) - Райымбек даңғылы (оңтүстік жағы) - Әуезов көшесі (батыс жағы) шекарасында орналасқан ғимараттар үшін - 1,4 коэффициенті;

Тимирязев көшесі (солтүстік жағы) - Розыбакиев көшесі (шығыс жағы) - Райымбек даңғылы (оңтүстік жағы) - Әуезов көшесі (батыс жағы) шекарасында орналасқан ғимараттар үшін - 1,2 коэффициенті;

Түркісіб ауданында орналасқан ғимараттар үшін 0,8 коэффициенті.

Жартылай жертөлелі, жертөлелі және соколдық ғимараттар үшін 0,9 коэффициенті .

Суық, ыстық суы, канализациясы жоқ (немесе олардың бірі жоқ) ғимараттар үшін 0,5 коэффициенті қолданылады.

Жайсыз және жертөлелі ғимараттарда "2", "1,4" "1,2" коэффициенттері қолданылмайды.

*ІІ - с а й л а н ғ а н А л м а т ы
қ а л а л ы қ М ә с л и х а т ы н ы ң*

VІІІ-сессиясының төрағасы

*II-сайланған Алматы қалалық
Мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК